

Бірыңғай тіркелген салық ставкаларын 2011-2013 жылдарға белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2011 жылғы 16 тамыздағы N 53-1 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 16 қыркүйекте N 2-8-181 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2013 жылғы 07 қазандағы N 21-7 шешімімен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 07.10.2013 N 21 - 7 ш е ш і м і м е н .

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15)-тармақшасына сәйкес, аудан әкімінің 2011 жылғы 17 наурыздағы N 09-01/571 хатының негізінде Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Салық салудың айқындылығы және әділдігі принциптерін, барлық салық төлеушілер үшін базалық ставкалар шегінде бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу жұмыстарын іске асыру мақсатында Еңбекшіқазақ ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкалары 2011-2013 жылдарға қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қадырбек Мұрат Болатұлына және аудандық мәслихаттың заңдылықты сақтау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

53-сессиясының төрағасы

хатшысы

КЕЛІСІЛДІ:

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң

С. Қырқымбаев

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

Ә. Талқамбаев

**"Еңбекшіқазақ ауданы бойынша
салық басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығының
Журынбаев Нұржан Сатылханұлы**

міндетін атқарушысы

12 тамыз 2011 жыл

Еңбекшіқазақ	аудандық	мәслихаттың
2011 жылғы	16 тамыздағы	N 53-1
"Бірыңғай	тіркелген	салық
ставкаларын	2011-2013	жылдарға
белгілеу	туралы"	шешіміне
қосымша		

**2011-2013 жылдарға арналған бірыңғай тіркелген салық
ставкаларының мөлшері**

N	Салық салынатын объектінің атауы	Бірыңғай салықтар (айлық көрсеткіш)	белгіленген есептік
1	2	3	
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	6	
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	10	
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2	
4	Ойын жолы	25	
5	Карт	4	
6	Бильярд үстелі	5	